

Елбасы - кеменгер көшбасшы

Елімізде ең маңызды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні – 1 желтоқсанда жыл сайын атап өтетін мемлекеттік мейрам. «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» заңына толықтырулар енгізу туралы 2011 жылы 10 желтоқсанда парламент



сенатының толық отырысында заңнамасына қол қойылды. Мемлекетімізде бұл мейрамның атап өтілуі алғышарты болып 1 желтоқсан күні болған президент сайлауы еді. Ең алғашқы бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев президент атанды. Жалпы дауыс берушілердің 88,2% құрап, оның ішінде 98,7% даусына ие болды. Күнгізбеде осындай күннің белгіленуі Елбасының ел алдындағы ұлы еңбегін лайықты бағалануы деп білуіміз қажет. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «жаңа мемлекеттің негізін қалаушы» ретінде ел алдына мәңгілік мұраттарды көздейтін асқақ мақсаттар қойып, сол мақсаттардың шыңына шығара білген бірегей тұлға ретінде тану үшін ұйымдастырылған.

«Елбасы» ұғымы кемел адамның халықтың көкейіндегі асыл бейнесі. Елбасын құрметтеу, бағалау, құндылық деп мойындау – әр азаматтың бойында табиғи жағдайда қалыптасқанын байқауымызға болады. Ірі тұлға, саяси қайраткер, кеменгер көшбасшы ол біздің Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екені бәрімізге белгілі. Тәуелсіздігімізді алған жылдан бастап жер-жаһанда қазақ деген жұрт барын танытқан саясаткер. Сондықтан, халық оны «Ұлт көшбасшысы» деуге лайықты тұлға ретінде таниды. Отаны мен халқын шын сүйетін өз халқының алдында ғана емес, әлемдік қауымдастықтың алдында да мойындалған тұлға. Н.Ә.Назарбаев – қалың елінің жанашыры мұрасы, ел үшін отқа түсетін патриот. Ұлттық дәстүрде тәрбиеленген, халқының бар қадір-қасиетін бойына жинаған тарихын, тілін әдеп-ғұрпын, мәдениетін салт-дәстүрін жетік білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіріп келген ұлтжанды азамат.

Қазақстан Н.Ә.Назарбаевтың президенттігі тұсында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің жемісті үлгісін көрсете білгені анық. Елді дамытуға арналған осындай реформалар тосын келген түрлі дағдарыстарға тойтарыс бере алды. Әлемнің жетекші мемлекеттері басшыларымен кездесіп, тіл табысып, олардың тарапынан түсіністік пен қолдау тауып, кейбіреулерімен стратегиялық әріптестікке қол жеткізіп, аймақтық және халықаралық саяси, әскери, экономикалық ұйымдармен тұрақты қатынас орнатып, Қазақстанның халықаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ете білді. Осының барлығы қажымай, талмай еңбек еткеннің, дипломатиялық талантының арқасында жүзеге асты. Тәуелсіздікті алғаннан кейін, оны сақтап қалу немесе одан ары дамыту өз алдына бөлек мәселе болып табылады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан шет елдік ірі кәсіпкерлермен тығыз байланыс орнатып, саудасаттықты жолға қоя білді. Орталық Азияға құйылған шетелдік инвестицияның 80 пайызы Қазақстанға

бағытталды. 30 жылдың ішінде дамудың «қазақстандық жолы» және «Назарбаев моделі» қалыптасты. Бұл Елбасының батыл қадамдарының, тарихи шешімдерінің бірі болды. Елбасы тарихи өлшем бойынша өте қысқа мерзімде егеменді елдің зайырлы, құқықтық және біртұтас мемлекет ретіндегі негізін қалап қана қоймай, жас мемлекетті халықаралық қоғамдастықтың белді мүшесіне айналдырды. Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде қайта құрып, БҰҰ мен Дүниежүзілік сауда ұйымының қатарына қосты. Елде саяси бірлік пен қоғамдық келісім орнатып, мемлекеттігіміздің мызғымастығына кепіл бола алды. Демократиялық бастамаларды нығайтып, дамудың дара даңғылын қалыптастырды. Аймақтық, жаһандық мәселердің шешілуіне белсенді атсалысып, халықаралық жағдайды реттеу мақсатында жаһан жұртына тың идеялар ұсынды. Халықаралық деңгейде Қазақстанды қарусыздану және жаппай қырып жою қаруын таратпау үдерісінің көшбасшысы, аймақтық және аймақаралық интеграциялық үдерістердің бастамашысы, мәдениет, дін сонымен қатар өркениеттер арасындағы пікір алмасудың модераторы ретінде танытты. Ұлтаралық шиеленістер мен этносаралық қақтығыстар қаупі мүлдем сейіліп, Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өз жұмысын одағыдай жалғастыруда.

Елбасының мемлекет басына келуі Қазақстанды тәуелсіздікке жеткізіп, еліміз егемендік алып, ата-заңымыз бекіді. Көршілес жатқан мемлекеттердің барлығымен де шекарамызды бекітіп, ұлттық рәміздерді айқындады. Қазақ елі бүгінде өз Туы, Әнұраны, Елтаңбасы бар мемлекет. Төл теңгеміз дүниеге келіп, Қазақстанның астанасы салынды. Әлем картасында жаңа астана пайда болды. Елорда тәуелсіз еліміздің айбары мен айдынына айналды. Қазақстанның бүкіл елді-мекендерінің жанғыруына үлгі болды.

Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанымыз үшін ең бір қиын кезеңде ел басқару ісін қолға алып, өзінің алысты болжайтын көрегендігінің, даналығының арқасында кең байтақ қазақ даласында жаңа Қазақстанның іргетасын қалады. Қазақстан – бүгінде іргесі берік, ынтымағы жарасқан, экономикасы қуатты, саяси жүйесі сараланған өз жолын, өз болашағын айқындаған, әлемдік қауымдастық алдындағы беделі биік мемлекетке айналды. Елбасының саясаты алтын арқауы, басты өзегі – ел бірлігін сақтау.

Елбасымыз әрқашанда тәуелсіз Қазақстан тарихында жарқын істердің жарпысы болып қала бермек!

Ақбота БЕГІМ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Заң» факультеті «Философия
және мәдениеттану»
кафедрасының аға оқытушысы,
магистр.